

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК

### Торайғыров университета

Экономическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Экономическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ93VPY00029686

выдано  
Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области экономики, управления,  
финансов, бухгалтерского учета и аудита

**Подписной индекс – 76133**

<https://doi.org/10.48081/HMTV4251>

---

**Бас редакторы – главный редактор**  
Давиденко Л. М.  
*доктор PhD*

Заместитель главного редактора  
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*  
Шеримова Н. М., *магистр*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунызов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели  
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов  
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AHDL1863>

**\*А. К. Кембаев<sup>1</sup>, С. К. Тажикенова<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0689-7605>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7858-5094>

\*e-mail: [azamatkembayev@gmail.com](mailto:azamatkembayev@gmail.com)

## **ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТТЕРІМЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ**

*Бұл мақалада республикалық бюджеттің атқарылуына қатысты ішкі аудит қызметтері жүзеге асырған мемлекеттік аудит нәтижелеріне жан-жақты талдау ұсынылған. Мемлекеттік ресурстарды басқарудың негізгі аспектілерін қарастыра отырып, ішкі аудит қызметтері қамтыған аудит объектілеріне және мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлеміне баса назар аударылып отыр.*

*Сонымен бірге, ішкі аудит қызметтерімен аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтардың сипаты мен көлемі туралы егжей-тегжейлі мәліметтер келтірілген. Бұл өз кезегінде, бюджет қаражатын тиімсіз пайдаланудың ауқымы мен салдарын нақты бағалауға мүмкіндік береді.*

*Сонымен қатар, мақалада анықталған бұзушылықтарға байланысты материалдардың құқық қорғау органдарына жолдануы туралы статистиканы келтіру арқылы, ішкі аудиттің құқық қорғау жүйесімен өзара әрекеттесуін көрсетеді.*

*Талдаудың маңызды бөлігінің бірі ретінде анықталған бұзушылықтарға байланысты қолданылған әкімшілік жазаларға шолу болып табылады. Мақалада қаржылық бұзушылықтарға жауап беру шараларының тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін жазалардың саны мен сипаты туралы мәліметтер атап айтқанда, қолданылған әкімшілік жазалар мен тәртіптік жауапкершілікке тартылған лауазымды тұлғалар саны келтірілген.*

*Аталған зерттеудің негізгі мақсаты бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі ішкі аудит қызметтері жұмысының маңыздылығын ашып көрсету болып табылады.*

*Кілтті сөздер: ішкі аудит қызметі, бюджет қаражаты, орталық мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы орган, полиция департаменті*

### **Кіріспе**

Ішкі мемлекеттік аудит қызметтері (бұдан әрі – ІАК) Қазақстан Республикасында бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығын, тиімділігін және заңдылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олар мемлекеттік ресурстардың жұмсалудың қадағалау және бақылау функциясын орындайды, осылайша елдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл мақалада біз бюджет қаражатын басқару кезінде Қазақстандағы ішкі мемлекеттік аудит қызметтерінің рөлін қарастырамыз.

Ішкі мемлекеттік аудит мемлекеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерін пайдаланғаны үшін тиімділікті, жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы ішкі аудит қызметтерінің бюджет қаражатының тиімді басқарылуы мен пайдаланылуына әсерін айқындау болып табылады.

### **Материалдар мен әдістері**

Ішкі аудит саласындағы зерттеулер әдістемесі мекеме қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер ететін құралдарды айқындайды. Сенімді бақылау ақпараты басқарудың әртүрлі деңгейлерінде шешім қабылдауда шешуші рөл атқарады.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі ретінде осы саладағы жетекші мамандар К. А. Первова, М. В. Мельник, И. В. Хорло, Қ. Е. Жаңбыршин, Б.А. Алибекова еңбектері қарастырылды.

К. А. Первованың пікірінше, «ішкі аудит қызметкерлермен жүргізілетін шаруашылық операциялардың заңдылығын белгілеу мақсатындағы арнайы бақылау органдары өкілдерімен жүзеге асырылатын мекемедегі басқару және оның қызмет етуінің әртүрлі жақтарына бақылау жүргізу қызметі» [1].

М. В. Мельник ішкі аудит ұғымын анықтауға қатысты келесі пікірді ұстанады: «ішкі аудит басқарудың негізгі функцияларының бірі ретінде басқару шешімдерінің тиімділігін бағалау, ауытқуларды анықтау және жою, сондай-ақ тәуекелдерді басқару үшін қажетті мекеменің экономикалық қызметін үнемі бақылау және тексеру жүйесі» [2].

И. В. Хорло ішкі аудит жүйесінің тиімділігі басқару жүйесінің жұмысының нәтижесінде шығындарды азайту көрсеткіштері арқылы анықталатынын атап өтеді және ішкі аудиттің тиімділігін бағалау үшін математикалық модельдерді қолдануды ұсынады [3].

Ішкі аудит қызметтері мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге қылмыстық қудалау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға беру бойынша ден қою шараларын жүзеге асырады [4].

Мақалада бақылау, талдау, өлшеу, салыстыру, индукция, дедукция, жіктеу және жүйелеу, ғылыми және арнайы әдістер, статистикалық зерттеу әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Ішкі аудит тәуелсіз, яғни ішкі аудиттің өз міндеттерін риясыз орындауға қауіп төндіруі мүмкін жағдайларға бағынбайтын еркін, сондай-ақ объективті болуы керек. Объективтілік аудиторларға ішкі аудитті риясыз орындауға, соның ішінде аудиторлық пікірдің объективті болуына және өзге тұлғалардың пікіріне бағынбауына мүмкіндік беретін нұсқама болып табылады [5].

ІАҚ басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, орталық мемлекеттік орган немесе оның ведомствосындағы бірінші басшыға, облыс пен республикалық маңызы бар қала әкіміне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган бөлімшесі болып саналады [6].

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, мемлекеттік органдардағы ішкі аудит қызметтері жүйесіне келесілерді жатқызамыз [7]:

Орталық мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – ОМО) ІАҚ;

Жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – ЖАО) ІАҚ;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты аумақтық органдарының, яғни Полиция департаменттерінің (бұдан әрі – ПД) ІАҚ.

Зерттеу шеңберінде ІАҚ-нің 2021 жылғы атқарылған жұмыстары бойынша негізгі қызмет нәтижелеріне талдау жүргізілді.


ІАҚ-мен 2021 жылы 581 объект мемлекеттік аудитпен қамтылды (ОМО ІАҚ – 283, ПД – 36, ЖАО ІАҚ – 262) (1-сурет). Оның ішінде: 240 объектіде сәйкестік аудиті (ОМО ІАҚ – 122, ЖАО ІАҚ – 82, ПД ІАҚ – 36), 99 объектіде тиімділік аудиті (ОМО ІАҚ – 42, ЖАО ІАҚ – 57), 242 объектіде тиімділік және сәйкестік аудиті (ОМО ІАҚ – 119, ЖАО ІАҚ – 123) жүргізілді. Тексерістер санын өткен жылмен салыстыратын болсақ, 26,6 %-ға өскен [8].



Сурет 1 – 2021 жылғы ІАҚ мемлекеттік аудитпен қамтылған объектілер саны

Дереккөз: [8] негізінде авторлармен құрастырылды

Аудиторлық іс-шараларды жүргізу барысында қамтылған қаражат көлемі – 2 260 338,3 млн. теңге, оның ішінде: ОМО ІАҚ – 1 705 920,3 млн.теңге, ПД ІАҚ – 43 094,6 млн. теңге, ЖАО ІАҚ – 511 323,4 млн. теңге (2-сурет) [8].




Сурет 2 – Аудитпен қамтылған қаражат көлемі

Дереккөз: [8] негізінде авторлармен құрастырылды

2021 жылы ІАҚ-мен анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомасы 24 995,1 млн.теңгені құрады (3-сурет). Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 41 %-ға кеміген. Оның ішінде: ОМО ІАҚ анықтаған қаржылық бұзушылық сомасы 14 751,7 млн. теңге өткен кезеңмен салыстырғанда 58,4 %-ға азайған. ПД ІАҚ анықтаған қаржылық бұзушылық сомасы 165,5 млн. теңге бұл өткен жылға қарағанда 22,7 %-ға өскен. ЖАО ІАҚ анықтаған қаржылық бұзушылық сомасы 10 077,9 млн. теңге, ол өткен жылдан 48 %-ға өскен [9].

Қаржылық бұзушылықтардың сомасы  
(млн.теңге)




Сурет – 3 ІАҚ анықтаған қаржылық бұзушылықтар сомасы

Дереккөз: [8] негізінде авторлармен құрастырылды

Құқық қорғау органдарына берілген мемлекеттік аудит материалдарының саны – 43, өткен жылмен салыстырғанда 27,1%-ға кеміген, оның ішінде: ОМО ІАҚ – 27 материал, ПД ІАҚ – 3 материал, ЖАО ІАҚ – 13 материал болса, сәйкесінше 2020 жылы ОМО ІАҚ – 44 материал, ПД ІАҚ – 6 материал, ЖАО ІАҚ – 9 материалды құраған (4-сурет). Жолданған материалдардың жалпы

сомасы – 10 529,6 млн. теңгені құрап, өткен кезеннен 29,5 %-ға өскен. Оның ішінде: ОМО ІАҚ – 9 585,9 млн. теңге, ПД ІАҚ – 52,1 млн. теңге, ЖАО ІАҚ – 891,7 млн. теңге [8].



Сурет 4 – Құқық қорғау органдарына жолданған материалдар саны

Дереккөз: [8] негізінде авторлармен құрастырылды

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес, 62,2 млн. теңге айыппұл сомасына 274 әкімшілік жаза қолданылды 274 әкімшілік жаза қолданылды: ОМО ІАҚ – 168, ПД ІАҚ – 2, ЖАО ІАҚ – 104 (5-сурет). Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 53,1 %-ға артқан [10].




Сурет 5 – Қолданылған әкімшілік жазалар саны

Дереккөз: [8] негізінде авторлармен құрастырылды



Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылған тұлғалар саны – 793, оның ішінде: ОМО ІАҚ – 399, ПД ІАҚ – 41, ЖАО ІАҚ – 353 (6-сурет). Бұл көрсеткіш өткен жылдан 154-ке немесе 24,1 %-ға артқан [8].



Сурет 6 – Тәртіптік жауапкершілікке тартылған лауазымды тұлғалар

Дереккөз: [8] негізінде авторлармен құрастырылды

### Қорытынды

Ішкі мемлекеттік аудит қызметтері Қазақстан Республикасында бюджет қаражатын пайдаланудың қаржылық орнықтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олардың функцияларына бюджет қаражатын бақылау, бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және нормативтік актілерді сақтау кіреді. Ішкі мемлекеттік аудит қызметінің тәуелсіздігі олардың жұмысы бюджеттік операцияларды объективті және бейтарап аудит жүргізуді қамтамасыз етеді. Олардың жұмысының нәтижелері бюджет қаражатын басқаруды жақсарту және қаржылық процестердің ашықтығын арттыру үшін қолданылады. Осылайша, ішкі мемлекеттік аудит қызметтері Қазақстанда қаржылық тәртіпті сақтауда және бюджетті тиімді басқаруда маңызды рөл атқарады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Первова, К. А.** Актуальность внутреннего аудита в современных условиях// Аудит и финансовый анализ. 2018. № 5.

2 **Мельник, М. В.** Международные стандарты ISSAI и INTOSAI GOV, структура, содержание и практика применения высшими органами финансового контроля // Бухгалтерский учет, аудит и статистика. 2012. № 6. С. 135–144.

3 **Horlo, I. V.** Application of mathematical models for assessment of effectiveness of the system of internal control. Economic and mathematical simulation, (2007). 4 (85), 57–61.

4 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

5 **Жаңбыршин, Қ. Е., Әбдібеков, Н. Қ., Годунова, Н. Н., Нөгербеков, С. Н., Зейнелгабдин А. Б., Ақпомбаев И. Л.** Мемлекеттік аудит теориясы / Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС-ның ұжымы. – Астана: Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, 2018. – 328 б.

6 Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012544>

7 **Алибекова, Б. А., Зейнелгабдин, А. Б., Карыбаев, А. А.-Қ., Мақыш, С. Б., Мұхаметкәрім, А. М., Нөгербеков, С. Н., Нурхалиева, Д. М., Тажикенова, С. К., Турбекова, Б. О., Жаңбыршин, К. Е.** Мемлекеттік аудит: Оқулық / редакциясымен; Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018 ж. – 360 б.

8 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің ресми интернет-ресурсы – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga?lang=kk>

9 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 18-НҚ нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017643>

10 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V. [Электрондық ресурс]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

## REFERENCES

1 **Pervova, K. A.** Aktual'nost' vnutrennego audita v sovremennykh usloviyakh [The relevance of internal audit in modern conditions] // Audit and financial analysis. 2018. № 5.

2 **Melnik, M. V.** Mejdunarodnye standarty ISSAI i INTOSAI GOV, struktura, sodержanie i praktika primeneniya vyssimi organami finansovogo kontrolä [ISSAI and INTOSAI GOV international standards, structure, content and practice of application by supreme financial control bodies] // Accounting, auditing and statistics. 2012. № 6. P. 135 – 144.

3 **Horlo, I. V.** Application of mathematical models for assessment of effectiveness of the system of internal control. Economic and mathematical simulation, (2007). 4 (85), P. 57–61.

4 «Memlekettik audit jäne qarjylyq baqylau turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylğy 12 qaraşadağy № 392-V Zañy [Law of the Republic of Kazakhstan dated November 12, 2015 № 392-V «On state audit and financial control»] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

5 **Zhañbyrşin, Q. E., Äbdibekov, N. Q., Godunova, N. N., Nögerbekov, S. N., Zeinelgabdin, A. B., Aqpombaev, İ. L.,** Memlekettik audit teoriyası [Theory of state audit] / Respublikalyq büdjettñ atqaryluyn baqylau jönindeğı esep komitetiniñ jäne «Zertteuler, taldau jäne tiımdılıktı bağalau ortalyğy» JSS-nyñ üjymy. – Astana: Respublikalyq büdjettñ atqaryluyn baqylau jönindeğı esep komiteti, 2018. – P. 328.

6 Işkı audit qyzmetteri turaly ülgılık erejeni bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniñ 2015 jylğy 30 qaraşadağy № 599 büiryğy [Order of the Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan dated November 30, 2015 № 599 on approval of the model regulation on internal audit services] .[Electronic resource]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012544>

7 **Alibekova, B. A., Zeinelgabdin, A. B., Karybaev, A. A.-Q., Maqys, S. B., Mühametkärım, A. M., Nögerbekov, S. N., Nurhalieva, D. M., Tajkenova, S. K., Turebekova, B. O., Jañbyrşin, K. E.** Memlekettik audit: Oqulyq [State Audit : Textbook] / redaksiyasymen; Qazaqstan Respublikasynyñ bilim jäne ğylym ministrлігі, L. N. Gumilyov atyndağy Eurazia ultiyq universiteti. – Astana: L.N. Gumilyov atyndağy EÜU, 2018j. – P. 360.

8 Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministrлігі Işkı memlekettik audit komitetiniñ resmi internet-resursy [The official Internet resource of the Internal State Audit Committee of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga?lang=kk>

9 «Memlekettik audit jäne qarjylyq baqylau obektlerinde anyqtalatyn büzüşylyqtar synyptaуыsyn bekıtu turaly» Respublikalyq büdjettiñ atqaryluyn baqylau jönindegi esep komitetiniñ 2018 jylgy 1 qazandağy № 18-NQ normativtik qaulysy [Regulatory decree of the Accounting Committee for control over the execution of the Republican budget № 18 dated October 1, 2018 «On approval of the classifier of violations detected at the objects of state audit and financial control»]. [Electronic resource]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017643>

10 «Äkimşilik qūyqy büzüşylyq turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2014 jylgy 5 şildedegi № 235-V [Code of the Republic of Kazakhstan dated July 5, 2014 № 235-V «On Administrative Offenses»]. [Electronic resource]. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

10.08.24 ж. баспаға түсті.

15.08.24 ж. түзетулерімен түсті.

11.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*А. К. Кембаев, С. К. Тажикенова

<sup>1,2</sup>Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана

Поступило в редакцию 10.08.24

Поступило с исправлениями 15.08.24

Принято в печать 11.11.24

## **АНАЛИЗ РЕЗУЛЬТАТОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ИСПОЛНЕНИЯ РЕСПУБЛИКАНСКОГО БЮДЖЕТА СЛУЖБАМИ ВНУТРЕННЕГО АУДИТА**

*В данной статье представлен всесторонний анализ результатов государственного аудита, осуществляемого службами внутреннего аудита в отношении исполнения республиканского бюджета. Рассматривая основные аспекты управления государственными ресурсами, службы внутреннего аудита обращают внимание на объекты аудита и объем средств, охваченных государственным аудитом.*

*Вместе с тем, приведены подробные сведения о характере и объеме выявленных нарушений в рамках аудита. Это, в свою очередь, позволяет оценить масштабы и последствия неэффективного использования бюджетных средств.*

*Приведение статистики о направлении материалов в правоохранительные органы в связи с выявленными в ходе исследования нарушениями, свидетельствует о взаимодействии внутреннего аудита с правоохранительной системой.*

*Одной из важных частей анализа является обзор административных наказаний, применяемых в связи с выявленными нарушениями. В статье приводятся сведения о количестве и характере взысканий, позволяющие оценить эффективность мер реагирования на финансовые нарушения в частности, о количестве наложенных административных взысканий и должностных лиц, привлеченных к дисциплинарной ответственности.*

*Основной целью данного исследования является раскрытие важности работы служб внутреннего аудита при использовании бюджетных средств.*

*Ключевые слова: служба внутреннего аудита, бюджетные средства, центральный государственный орган, местный исполнительный орган, департамент полиции*

*\*A. K. Kembayev, S. K. Tazhikenova*

*<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian national University,  
Republic of Kazakhstan, Astana*

*Received 10.08.24*

*Received in revised form 15.08.24*

*Accepted for publication 11.11.24*

## **ANALYSIS OF THE RESULTS OF THE STATE AUDIT OF THE EXECUTION OF THE REPUBLICAN BUDGET BY INTERNAL AUDIT SERVICES**

*This article presents a comprehensive analysis of the results of the state audit carried out by the internal audit services in relation to the execution of the republican budget. Considering the main aspects of public resource management, internal audit services pay attention to the objects of audit and the amount of funds covered by the state audit.*

*At the same time, detailed information is provided on the nature and scope of the identified violations within the framework of the audit. This, in turn, allows us to assess the extent and consequences of inefficient use of budgetary funds.*

*Providing statistics on sending materials to law enforcement agencies in connection with violations identified during the study indicates the interaction of internal audit with the law enforcement system.*

*One of the important parts of the analysis is an overview of the administrative penalties applied in connection with the identified violations. The article provides information on the number and nature of penalties, allowing to assess the effectiveness of measures to respond to financial violations, in particular, on the number of administrative penalties imposed and officials brought to disciplinary responsibility.*

*The main purpose of this study is to reveal the importance of the work of internal audit services in the use of budget funds.*

*Keywords: internal audit service, budgetary funds, central government agencies, local executive bodies, police departments*

Теруге 26.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4316

Сдано в набор 26.11.2024 г. Подписано в печать 26.12.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4316

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)

[www.vestnik-economic.tou.edu.kz](http://www.vestnik-economic.tou.edu.kz)